

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 418 қаулысы

Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайту, Қарулы Күштердің құрылымын жетілдіру және қызметін ұйымдастыру, әскери басқару жүйесін қазіргі заманғы әскери-саяси және экономикалық талаптарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы**

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мынадай құрылымы бекітілсін:

1) Қарулы Күштерге басшылық жасаудың жоғары әскери-саяси органы - соғыс кезінде Қарулы Күштердің бүкіл қызметіне жалпы басшылық жасауды және Штабтар бастықтарының комитеті арқылы оларды басқаруды жүзеге асыратын Жоғарғы Бас Қолбасшылық (Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың Ставкасы);

2) б а с қ а р у о р г а н д а р ы :

стратегиялық - орталық атқарушы (Қорғаныс министрлігі) және ведомство (Штабтар бастықтарының комитеті);

жедел-стратегиялық - Қарулы Күштер түрлері бас қолбасшыларының және Қарулы Күштер әскер тектері қолбасшыларының басқармалары;

жедел-аумақтық - өңірлік қолбасшылықтар басқармалары;

жедел-тактикалық - Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері бастықтарының б а с қ а р м а л а р ы ;

тактикалық - құрамалар мен әскери бөлімдердің басқармалары;

жергілікті - облыстардың қорғаныс ісі жөніндегі департаменттері (басқармалары

және аудандар мен қалалардың бөлімдері);  
3) Қарулы Күштер түрлері:

басқару органдары, өңірлік қолбасшылық, әскер тектері, арнайы әскерлер, тыл, әскери оқу орындары, оқу және резервтік бөлімдер құрамындағы Құрлық әскерлері;

басқару органдары, әскер тектері, арнайы әскерлер, тыл, әскери оқу орындары, оқу және резервтік бөліктер құрамындағы Әуе қорғанысы күштері;

басқару органдары, әскер тектері, арнайы әскерлер, тыл, әскери оқу орындары және оқу бөлімдері құрамындағы Әскери теңіз күштері;

4) Қарулы Күштер әскер тектері:

басқару органдары, құрамалар мен бөлімдер құрамындағы Аэроұтқыр әскерлер;

басқару органдары, құрамалар мен бөлімдер құрамындағы Ракета әскерлері мен артиллерия;

5) басқару органдары, құрамалар, жедел, жауынгерлік және техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен мекемелері құрамындағы Арнайы әскерлер;

6) басқару органдары, құрамалар, бөлімдер мен мекемелер құрамындағы Қарулы Күштер Тылы;

7) әскери оқу орындары мен әскери-ғылыми мекемелер.

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі шекарасының шегінде өңірлік қолбасшылықтардың жауапкершілік аймағы айқындалсын:

1) "Астана" - Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары;

2) "Шығыс" - Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары;

3) "Батыс" - Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары;

4) "Оңтүстік" - Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы" 2000 жылғы 6 шілдедегі N 417 Жарлығының 1, 2 және 3-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 7 шілдедегі N 418 өк Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Әскери құрылыстың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес басқару органдарын, Әскери теңіз күштерін құруды және Әскери теңіз күштерінің қажетті инфрақұрылымын құруды қамтамасыз етсін;

2) "Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы" және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірлесе және көрсетілген заң жобаларын 2003 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 2004-2005 жылдар кезеңіне арналған штат санының лимиті бойынша ұсыныстар енгізсін;

4) Осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК